

## ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗІТ ЕТЕТІН ОҚУШЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫС

**Базылканова Жадыра Бауржановна**

[zbazylkanova@mail.ru](mailto:zbazylkanova@mail.ru)

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4 - курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Н.П.Албытова

Еліміздің Білім заңында барлық бала жалпы орта біліммен қамтылуы тиіс деп жазылса да, өкінішке орай мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту өзекті мәселе болып отыр.

Сол себепті, білімнің барлығы үшін қолжетімді болуына бағытталған білім беру жүйесін түрлендіру процестерінің бірі инклюзивті білім беру жүйесін жан-жақты зерттеу, жетілдіру қажеттігі туындайды.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Арнайы және инклюзивті білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету оңтайландырылады және автоматтандырылады, оның шеңберінде денсаулық сақтаудың және әлеуметтік қорғаудың ақпараттық жүйелері интеграцияланады. Бұл психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияларға (бұдан әрі – ПМПК) «медициналықтан»«педагогикалық» үлгіге көшуге мүмкіндік береді». Мектептер мен колледждер ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар инклюзивті ортада балаларды сүйемелдейтін тиісті мамандармен қамтамасыз етілетін болады»- деп көрсетілген [1]. Демек, жалпы білім беретін мектепте ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларды әлеуметтік ортаға бейімдеуде әлеуметтік педагогикалық қызметті арттыру қажет. Қазіргі кезеңде еліміздегі ерекше білім беруді қажет ететін балалар санының көбеюі, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік қорғау салаларының осы мәселеге көңіл бөлуін талап етіп отыр. Жыл санап ерекше білім беруді қажет ететін балаларға деген қоғамның көзқарасы өзгеріп, оларды қоғамның толықанды бір мүшесі ретінде қарауға бет бұрды.

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік психологиялық, педагогикалық бейімдеу арқылы заман талабына сай білім беріп қана қоймай, тәрбиелеп, оларды қоғамға белсенді араластыру өте маңызды.

Әлемнің дамыған елдерінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларды денсаулығы қалыпты балалармен қосып оқытуға көп көңіл бөлінеді және бұл салада елеулі тәжірибелер жинақталған. Біздің отандық жалпы білім беретін мектептің іс – тәжірибесі үшін инклюзивті оқыту педагогикалық жаңашылдық деп бағаланады. Мәселенің жаңалығы қазақстандық жалпы білім беретін мектептердің іс – тәжірибесінде инклюзивті оқытуды жан – жақты зерттеуді талап етеді.

Ғаламдық педагогика және психологияда инклюзивті оқыту мәселелері көптеген ғалымдар тарапынан зерттелінген. Мысалы, М.Аинсқов, М.С.Рейнольдс, К.Хортон, М.Гуральник, Т.С.Лернер, Д.Брикер, Н.Д.Шматко т.б. еңбектерінде инклюзивті оқытудың проблемалары теориялық тұрғыдан қарастырылған.

Соңғы жылдары Ресей ғалымдары Л.М.Шипицына, Л.П.Назарова, Н.Н.Малофеев, В.В.Линьков, Н.Г.Чанилова, В.Г.Маралов, Т.В.Егорова, Н.Д.Шевцовтың зерттеу жұмыстарында инклюзивті оқытудың көптеген аспектілері әр қырынан зерттелуде.

Қазақстандық ғалымдар Р.А.Сулейменова, Н.А.Алмағанбетова, А.К.Жалмухамедова, Г.Д.Хақимжанова, Р.Ж.Жумажанова, К.Ш.Кумаржанова, А.А.Байтұрсынованың зерттеу жұмыстарында инклюзивті оқыту мәселелері қарастырылған [2].

Осылайша мемлекетерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды әлеуметтік тұрғыда қорғауға, олардың қоғамға етене араласуына, оңалуына, білім алу, өзін-өзі дер кезінде іске асыра алуға жағдай жассауды жоспарлап отыр. Олардың жалпы білім беретін мектептерде оқуы, қалыпты ортаға орналастырылуы, бұл инклюзивті емес, бұл өте қауіпті эксперимент, өйткені егер қоршаған орта оған қолайлы болмаса, жағдай жасалмаса, ол ең алдымен ерекше білім беруді қажет ететін балаға және басқаларға жаман әсер ететіні белгілі. Осы бағытта жазылған оқу әдістемеліктердің бірінде “Инклюзивті білім беруде ерекше қажеттіліктері бар балалардың денсаулығы қалыпты балалармен оқуы еш қиындық тудырмайды. Бірақ бұл үшін жалпы білім беретін мектепте жүйенің өзі дұрыс ұйымдастырылуы керек”- деп ұйымдастыру жұмыстарына назар аударуды атап көрсетеді [3,18.].

Қазіргі уақытта осы үдерісті, яғни, ерекше білім беруді қажет ететін оқушыны қалыпты дамыған құрдастарымен, балалармен оқыту қажеттілігі мен маңыздылығын мамандар мойындай бастады. Сондықтан осы процесті іске асыру түрлі қарама-қайшылықтарды тудыруы мүмкін. Өйткені, жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті оқытудағы білім беру жүйесі қажетті түрде ұйымдастырылмаған. Әрі жалпы білім беретін мектептерде ерекше күтімді қажет ететін балаларды инклюзивті оқытудың қажеттілігі мен оның әлеуметтік педагогикалық қызметі дұрыс айқындалмаған. Сол себепті, үлкен табандылық пен шыдамдылықты қажет ететін өте күрделі процесс. Ғалым Л.И.Аксенова “Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыны жалпы білім беретін мектепте оқыту процесі педагогикалық сауаттылықпен, қажетті технология мен әдіс-тәсілдер жүйесін аса ыждағаттылықпен, әрі үлкен жауапкершілікпен орындаған жағдайда, мүмкіндігі шектеулі балалардың жалпы білім беру процесіне біріктірілуіне жол ашылады”- дейді. Автор осындай санаттағы оқушыларды оқыту әдістерін жетілдіруді орынды қозғап отыр.

Өз кезегінде әлеуметтік педагогикалық қызметте маман мүмкіндігі шектеулі, не болмаса ерекше күтімді қажет ететін оқушыны мектеп ортасына бейімдеу әдістемесін ұсыну қажет. А.С.Шеримова, А.Н.Елюбаева «Ерекше бейімделу мүмкіндіктері бар балалармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыстың маңызды құрамдас бөлігі-онымен белсенді қызметке отбасы мүшелерін, ата-аналарын немесе оларды алмастыратын тұлғаларды қосу. Оның бейімделу мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған жеке әлеуметтік барынша іске асыру үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасалынуы қажет. Ол үшін ата-аналардың арнайы әлеуметтік-педагогикалық дайындығы қажет» екендігін атап айтады [4].

Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жөніндегі әр түрлі орталықтар мамандарының жұмыс тәжірибесі өз қызметінде олар мынадай қағидаттардың талаптарын басшылыққа алу керектігін көрсетеді:

- Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар оқушыларды өз болмыс- бітімімен қабылдау;
- Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыны құрметтеу, оған сенім білдіру. Бұл баланың ата-анасына деген сенімін қалыптастыруға ықпал етеді;
- Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс субъектісінің беделі;
- Баланың әлеуметтік-педагогикалық жұмысындағы жеке мүмкіндіктерінің, құралдарының және мақсаттарының бірлігі [5 ;329-330] .

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнайы білімнің өзекті мәселесінің бірі - педагогикалық ғылым мен тәжірибесіне ерекше білім беруді қажет ететін балаларды нәтижелі, сапалы оқыту мен тәрбиелеу жағдайларын анықтау. Яғни, ерекше білім беруді қажет ететін оқушыны әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету арқылы, әр баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқыту мен дамыту үшін әлеуметтік- педагогикалық шарттар құру барысындағы ұйымдастырылған қызмет жүйесі жүргізіледі. Осындай тәрбие процесі барысында ерекше білім беруді қажет ететін оқушының мүмкіндіктеріне қарамастан педагогтардың әрбір оқушыны теңдей қабылдауы аса қажет. Білім беру процесінің барлық қатысушылары мен техникалық қызметкерлердің төзімді мінез-құлық мәдениетімен қамтамасыз етілуі шарт.

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыны оқудан тыс мектеп іс-шараларына қосу. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыға қолдау көрсетуде отбасы әлеуетін пайдалану ерекше білім беруді қажет ететін оқушымен жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижелі, сапалы оқыту мен тәрбиелеу жағдайларының деңгейін анықтай аламыз.

Бұл саладағы ең маңызды жетістік - ерекше білім берілуіне қажеттіліктері бар оқушыларға деген (психикалық, физикалық, интеллектуалды) көзқарастың өзгеруі.

Ресейлік бірқатар ғалымдар тұжырымы бойынша: «Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға, олардың азаматтық құқықтарына деген көзқарастың жаңа философиясын қалыптастыру проблемасы ғылыми білімнің әртүрлі салаларының тоғысында тұр[6]. Бұл тұрғыда психологиялық-педагогикалық қолдаудың негізінде ата-аналарға кеңес беру немесе мұғалімдерге бір реттілік немесе жиі (аптасына, айын, тоқсанға бір рет) көмек көрсетілуі мүмкін. Оның қажеттілігі мен ұзақтылығын психолог-педагогтың, логопедтің өзі шешеді. Педагогтың көмегі сыныпта оқуға кедергі жасайтын эмоционалдық, мінез-құлық және ашық қарым-қатынасқа түсе алмайтын проблемалары бар балаларға көрсетіледі. Сабақтың жиілігі мен ұзақтығын педагог өз бетінше белгілейді.

Сыныпқа бейімделуі мен оқу бағдарламасын жемісті меңгеруге кедергі келтірмейтін ерекше білім беруді қажет ететін балаларға кеңестік көмек көрсетіледі.

Ғылымда ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастырудың негізгі бағыттары былайша ұсынылған:

- психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетудің жергілікті нормативтік негізін құру;

- білім беру процесіне қатысушылардың қызметін анықтау;

- мектептің ағымдық жағдайын талдау және бағалау;

- мектептің педагогикалық ұжымын кәсіби дайындау;

- мектеп қауымдастығын дайындау;

- одақтастар мен әлеуметтік серіктестерді іздеу [7].

Жоғарыда айтылып өткен ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларды мектеп ортасына бейімдеу проблемаларын нақты анықтау мақсатында осы санаттағы оқушы, ата-аналар, сыныптастар, пән мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектеп басшылары, мектеп қызметкерлерінен (асхана қызметкерлері, медициналық кабинет қызметкерлері, мектеп тазалығына жауапты қызметкерлер) сауалнамалар алу қажет. Сауалнама нәтижелері арқылы бірнеше мәселенің шығу жолдарын анықтаймыз:

Біріншіден – ерекше білім беруді қажет ететін оқушыны педагогикалық қолдауға мұғалімдердің қатынасы анықталады;

Екіншіден - денсаулығы қалыпты балалардың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен кездесуге және қарым-қатынас жасауға қаншалықты дайын екендігін анықталады;

Үшіншіден – ерекше білім беруді қажет ететін оқушының өз құрдастарымен қарым-қатынасы анықталады;

Төртіншіден, ерекше білім беруді қажет ететін оқушымен ата-ананың, отбасы мүшелерінің қарым-қатынасы, проблемалары анықталады.

Бесіншіден, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың мектеп ортасындағы мінез-құлық нормаларды сақтауы, тәртібі анықталады.

Әлеуметтік педагогикалық тұрғыда анықтау жұмыстарын жиі жүргізу осы санаттағы оқушылармен ұйымдастырылатын жұмыстарға мониторинг жүргізуге, қажетті де жоспарлы әлеуметтік педагогикалық қызмет көрсетуге мүмкіндік береді демекпіз.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. 2020 – 2025 жылға арналған Қазақстан Республикасындағы білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 2019, 27-желтоқсан. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>

2. <https://www.uniface.kz/index.php?post=article&section=1&id=631>

3. Жубакова С.С., Байменова Б.М. Ж83 Инклюзивное образование - Учебно-методическое пособие . Алматы: Эпиграф, 2017. - 18 стр.

4. Шеримова А. С., Елюбаева А. Н. Қоғамдағы мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік-психологиялық бейімдеудің маңызы // Молодой ученый. — 2015. — №8.1. — С. 41-44. — URL

5. Аксенова Л. И. А 41 Социальная педагогика в специальном образовании: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. — М.:

6. Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. — М.: Академия, 2004. — 304 с.

7. Жалпы білім беру мектептеріндегі ерекше білім алуды қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету: әдіс. нұсқаулық/ Елисева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ТП ҰҒПО, 2019. – 92 б